



Жапбарова Г.А.

**ТІЛДЕСІМ
МӘДЕНИЕТІН
ҚАЛЫПТАСТЫРА
ОҚЫТУДЫҢ
ДИДАКТИКАЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІ**

В статье рассматриваются эффективные методы и принципы формирования умений и навыков речевой деятельности школьников на занятиях по лексике.

This article investigates the methods and principles of form skills and habits in pupils speech activity on the lexical lessons.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың тілін дамыту – өзекті мәселе. Ол 1965 жылы Д.Әлімжанов пен И.Мамановтың авторлығымен шыққан тұңғыш оқу құралында сөз болды. Б.Құлмағамбетова, Б.Кәтембаева, И.Ұйықбаев, А.Ошқаров, А.Ысқақов, М.Нұрғалиева, Х.Арғынов, А.Исабаев т.б. тіл дамытуды тіл білімінің салалары бойынша қарастырды [1].

Ол еңбектерде қазақ тілінің ғылыми негізін мектепте оқытылатын курстың әрбір бөліміндегі тілдік материалдар арқылы меңгеруді мақсат ете отырып, сол арқылы оқушылардың ауызша, жазбаша тілін дамытуға мән берілген.

Н.Құрманова сөз тіркесін оқытудағы тіл дамыту әдістемесін қарастырды. Ғалым адамда бай сөздік қор болумен бірге, ол сөздік қорды дұрыс, қисынды қолдана білу дағдысы қалыптасуы керек деп санайды.

Ә.Әлметов докторлық зерттеуінде сұхбаттық тілдесім мәдениетін оқыту әдістемесін қарастырды. Ол сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудағы мәтін арқылы студентті сөйлеуге, пікірлесуге төселдіріп, өз ойын жүйелі, шебер жеткізуге дағдылан-дыруға болатындығын айтады.

Баланың ойы мен тілін дамытуға қатысты пікірлерді дамытқан, ұлттық ділді жоғалтпаудың бірден-бір тетігі оқушыны сөз шеберлігіне баулу екендігін арнайы қарастырған М. Балақаев болды.

М.Балақаев еңбектерінде тіл мәдениетіне, шебер сөйлеуге үйрету оқушының өздік әрекет етуіне негізделгенде ғана оң нәтиже беретінін нақтылады [2]. Бұл қазіргі кезеңдегі оқыту үдерісінде оқушыны өз әрекетінің субъектісі деп тану қажет деген білім берудің жаңа парадигмасымен толық сай келеді.

Оқушылардың шебер сөйлеу әрекетін үйрену өзі ізденіп әрекет еткен жағдайда ғана оқушының өздік дүниетанымы мен көзқарасы қалыптасып, тілдік дағдысы жетілетіні, сөйлеу шеберлігін меңгеретіні сөзсіз [3]. Бұл туралы Ж.Дәулетбекова: „Егер сөз мәдениеті, алдымен, әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, орфоэпиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді” деп тұжырымдалса, онда бұл тұжырыс сөз мәдениеті ұғымының аясына енетін бір-бірімен тығыз сабақтасып жатқан тілдік мәселелердің нақты екі бөліктен тұратынын пайымдауға негіз болады дей келіп, тілдесім мәдениетінің, бірінші кезекте, әдеби тіл нормаларын қамтып, екінші кезекте сөйлеушінің сөйлеу әрекетін шеберлікпен игеру деңгейіне қатысты мәселелерді қарастыратындығын айтады. Оны: „Егер шеберліктің сөз дұрыстығы сатысынан кейін қалыптасатынын ескерсек, олардың білім жүйесінде ұсынылатын пән мазмұнының да сатылы-сабақтастық, ұстаным негізінде өзара бірлікте жүруі заңды”,



- деп есептейді.

Бұл пікірлерді тұжырымдағанда, оқытудың жүйелілік, сабақтастық, қарапайымнан күрделіге қарай немесе жеңілден ауырға қарай секілді дидактикалық ұстанымдарына сүйене түзілуі тиіс білім мазмұны да мектептегі қазақ тілі пәнінің өн бойында тілдесім дұрыстығы мен тілдесім шеберлігі аясындағы білім беру мен оқыту көлемін нақтылау қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан зерттеуде тілдік норманы игерту арқылы тілдесім мәдениетін оқытуда мына төмендегіше бағыттарға көңіл аудару қажеттілігі анықталды: *қазақ тілі пәнін оқытудың қатысымдық бағытын күшейту; тілдесім мәдениеті мен тіл нормасына негіздеп, пән мазмұнын қайта жүйелеп, оны бірізділікпен, сатылы-сабақтастық ұстанымына сай түзу; тілдесім мәдениетін оқытуда негізгі тіл білімі салаларын оқытудың орталық негізі етіп әдеби тіл нормасын ұстану қажет, сол арқылы теориялық білімді оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыруды жүзеге асыру; білім стандарттары мен оқу бағдарламасында оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптарыды белгілеуде оқушылардың сөйлеу дағдыларына, тілдесім мәдениетіне басымдық беру.*

Жеке тұлға тәрбиелеу үшін мектеп жасындағы оқушылардың оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Дұрыс ұйымдастырылған оқу үдерісі оқушылардың білімдік, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуы мен қалыптасуына септігін тигізеді.

Оқу әрекеті деп білім, білік алуға бағытталған әрекетті айту қабылданған. Ол өз бетінше де, мұғалімнің жетекшілігімен де жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған әрекет теориясының психологиялық негізін Б.Г.Ананьев, Л.С.Выготский, А.И.Леонтьев, А.Р.Лурия, С.Л.Рубинштейн т.б. ғалымдар жасады. Ал мектеп кезеңіндегі оқу әрекеті Ш.А.Амонашвили, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, П.Е.Гальперин т.б. зерттеулерінде қарастырылды.

Жоғарыда аталған авторлар әрекетті өмірдің бірлігі деп қарап, оның төмендегідей ішкі құрылымдарын белгілейді: Қажеттілік – мотив – мақсат – құрал – әрекет – нәтиже.

Сабақтың әрекет теориясына сәйкес ұйымдастырылуы – баланың жеке басын дамытуды іске асырады. Ол үшін қазір дамыта оқыту теориялары мен технологиялардың маңызы үлкен.

Тұжырымдағанда, тілдесім мәдениетін дамыта оқытудың педагогикалық негізі мына төмендегі мәселелер бойынша анықталады:

- 1) Тілдік мәдениетінің көлемін, оқушылардың икемділіктері мен дағдыларын анықтау;
- 2) Тілдік мәдениетін қалыптастыра оқытудың нәтижелі тәсілдері мен технологияларын белгілеу;
- 3) Тілдік мәдениетін қалыптастыра оқытудағы тәжірибелік жұмыстар мен сабақ түрлерін нақтылау.

Тіл дамытудың сабақтар жүйесінде жүзеге асатынын ескере келе, қазіргі тіл дамытуды негіз еткен технологиялық сабақтардың басты мақсатын төмендегідей сараланды: *тіл үйретудің бұрыннан қалыптасқан ережелері мен талаптарына қоса, оның жаңа инновациялық жолдарын меңгерту; тілдік нормаларды сөйлеу, жазу тілінде қолдана білуге дағдыландыру; оқушыларды бір-бірімен тілдік қатысым әрекетінде баулу; таным, ойлау белсенділіктерін дамыту, білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге, яғни, анализ, синтез, бағаға қарай жетелеу.*

Бұл орайда тіл дамыту үдерісі атақты ғалымдар, Эльконин, Давыдовтар көзқарастарымен орайлас келеді. Аталмыш ғалымдардың "дамыта оқыту" технологиясы мен тіл дамыту технологиялы астасып жатады. Тіл дамытуда "нені дамыту керек?", "қалай дамыту керек?" деген мәселелер алдында тұрса, "дамыта оқытуда" да "нені дамыту керек?" деген сұрақ туады. Бұл мәселе төмендегіше анықталды: сезімнің, түйсігінің, қабылдауының, тұтынуының, ынтасының, зейінінің, еске ұстауының, болжауының, ерік-қайратының; оқу іс-әрекетінің, дағды-машықтарын сөйлеу әрекеті үстінде дамыта оқыту.

Бұл тұжырымдар тек қана оқушы тілін дамытуға ғана емес, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту үдерісінде де үлкен орын алады.

Дәстүрлі оқытуда оқушыға білім, іскерлік, дағдыны қалыптастыру бірінші кезекте тұрса, ал бүгін жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, олардың дарыны, қабілеті, талантын дамыту алдыңғы кезекке шықты. Қазақстан Республикасының "Орта білім беруді дамыту тұжырымдамасында": "Әрбір баланың жеке тұлғалық қасиетін ашу, мүмкіндіктерің, өмірдегі мәнін көрсету арқылы оның тереңірек ұмтылуына, сондай-ақ ізденісіне, бейімділігіне көмек беру, жағдай туғызу және осылайша оған түпкілікті өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру – білім берудің түпкілікті мақсаты", – делінген [4]. Бұл тұжырым тікелей тілдесім мәдениетін дамыту алдындағы қазіргі мақсатты айқындайды.



Қазақ тілі пәнінде оқушылардың сөйлеу мәдениетіне негізделген қатысымдық бағытқа ерекше мән берілуінің себебі оның осы пәнді күтілетін нәтижеге бағдарлай оқытуда басты тірек болуына байланысты. «Тілдік компетенция» терминін алғаш рет Н.Хомский лингвистикалық зерттеулердің аясында енгізген болатын. Ол: «тілдік компетенцияның негізі – оқушының ана тілі туралы толық білім алуы. Бұл білімнің негізін грамматика құрайды», – деді. Шетелдік ғалымдар Е.Д.Божович, Е.И.Козицкий, М.М.Гохленер, М.Е.Ейгер тілдік компетенцияны белгілі бір дағдылар мен іскерліктердің жиынтығы деп санайды. Бірақ олардың әрқайсысы бұл терминді әр қилы қолданады. Соңғы жылдардағы зерттеулерде тілдік компетенция екі негізгі бөлімі субъектінің сөйлеу тәжірибесі мен тіл туралы білімін қамтиды деп көрсетіліп жүр. Мұнда сөйлеуге ерекше мән берілгендіктен, ол оқушының «ішкі әлемімен», эмоциясымен, құндылық бағдарларымен, өзін-өзі бағалауымен, интеллектуалдық қабілетімен, қарым-қатынас жасау мәдениетімен бірлікте ұғынылады. Сөз адам болмысының айнасы болғандықтан, сөйлеу әрекетіне негізделетін құзіреттілік (компетенция) те соған сүйенеді. Нәтижеге бағдарланған білім моделі бойынша мектептің әр сатысында ғана емес, әр кезеңінде анық та нақты көрсетілуі тиіс оқу нәтижелері сатылай дамытылып отырып, құзіреттілік қалыптастыруға жеткізуді көздейді.

Бір-бірімен тығыз байланысты екі ұғым – құзырет пен құзыреттілік. «Құзырет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапаларының (білім, іскерлік, дағды, әрекет тәсілі) жиынтығы болса, құзыреттілік – адамның сол әрекетке, оның пәніне деген жеке қатынасын қамтитын сәйкес құрауыштарды меңгеруі» болып табылады. Сондықтан да құзыреттілік ұғымына танымдық және әрекеттік-технологиялық құрауыштар, сондай-ақ мотивациялық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлықтың компоненттер де кіреді.

Жалпы білім беретін мектептердегі қазақ тілі пәні бойынша анықталуы тиіс құзыреттіліктер тізбесі екі жүйеде құрылады: 1) *тілдесім мәдениетіне бағытталған сөйлесім әрекеті компоненттері негізіндегі құзыреттіліктер*; 2) *теориялық ойлау мен лингвистикалық дүниетаным қалыптастыруға бағытталған бағытталған дара ой-тұжырымдар сипатындағы құзыреттіліктер*. Бұлай болу себебі – ана тілі ретінде оқытылатын пәннің мақсаты тілдесім мәдениетіне баулумен қатар оқушыға тіл туралы, оның қоғамдық маңызы мен адам өміріндегі мәні, рөлі жайлы, танымдық-тағылымдық қазметі жөніндегі өзара сабақтас түсінік қалыптастыру болып табылады. Мұндай түсінік тіл туралы біртұтас көзқарастарға негіз қалайтын оқушының өзіндік ой-тұжырымын жетілдіруге тірек болады.

Сөйлеу әрекетіндегі оқылм, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім негізіндегі құзыреттіліктер оқушының ақпаратты қабылдау және өз ой-тұжырымдарын қорытып шығару әрекеттеріне сүйене отырып анықталады. Мысалы, оқылм мен тыңдалым, айтылым мен жазылым әрекеттерінде оқушының өз бетімен ізденуі, шығармашылық тұрғыдағы қабілеттері, дара ойлауға ұмтылысы негізінде туындайтын құзыреттіліктер қалыптастыруға мүмкіндік мол. Мұнда түрлі өмір жағдаяттарында оқушының дұрыс жол табуы, сын сәттерде өзіне тиімді шешім жасауы, өзіндік көзқарастарын, сөз әдебін сақтап жеткізе алу, ойын түсінікті әрі жүйелі айта алу қабілеттері шыңдалады. Оқушының ауызша және жазбаша тілде ойын еркін және әдеби тіл нормаларының талаптарына сай, стильдік ерекшеліктерді ескере отырып жеткізуі біліктіліктің өлшемі болып саналады [5]. Осы айтылған төрт компоненттің басын біріктіріп, оларды толық тоғыстыратын және білім философиясындағы рефлексия жүйесіне сәйкес тілдің тұлға дамытушылық рөлін тікелей жүзеге асыратын компонент – тілдесім. Сондықтан қазіргі өзгермелі дүние жағдайында адамдармен тіл табыса жұмыс істеуге төселдіретін, „бәсекелестікке бейім қоғамдағы бәсекелестікке бейім адамды” тәрбиелеудің өзегі саналатын бұл әрекет – оқушының дара тұлға ретіндегі әр түрлі қабілеттерінің жетілуінің де басты факторы. Сондықтан мұнда оқушының қарым-қатынас мәдениетіне, көпшілік ортасында өзін-өзі ұстау әдебіне, пікірталас түріне лайық сөйлеу мәнеріне, этикалық орамдарды дұрыс қолдана білуге төселуіне назар аударылады. Аталған тәжірибелік сипаты айқын сөйлеу дағдыларының жоғары талапқа сай болуының бір жолы – оқушыларға тілдік материалдарды саналы меңгерту, оларды тілдесім мәдениетін жетілдірудің базасы түрінде қолдану.

Оқушының дара тұлға деңгейіне көтерілуінің көрсеткіші болып есептелетін танымдық сипаттағы құзыреттіліктер ана тілін оқыту үдерісінде қатар жүргізіліп, бірін-бірі үнемі толықтырып отыруы тиіс қолданбалық сипаты басым білім мен оқушының сөйлеу білігінің бірлігі негізінде қалыптасады. Мысалы, бір тақырыптың тілдің қатысымдық, танымдық, экспрессивтік қызметтерін меңгертудегі мәнін ашатын немесе оның қай тілдің категориясымен тектік және түрлік тұрғыда шектесетінін, қандай рөл атқаратынын түсіндіру нәтижесінде тілдің ішкі заңдылықтарын және өзара байланысын танытатын



мәселелерге мән бере оқыту осы мектепте білім алған баланың тіл туралы лингвистикалық дүниетанымын және тілдік сезімін білім берудің нәтижесі ретінде қалыптастыруға жол ашады.

Тіл дамытудың өнімді бір жолы – модельдеу технологиясы. Модельдеу оқушылардың болжамы, көзге елестетуі, алған білімді бір нәрсеге ұқсатуы, абстрактілі ойлауынан туындайды. Модельдеу технологиясы қазақ тілі сабақтарында сызба, макет не сұлба арқылы емес, тіл арқылы жүргізіледі. Дегенмен, модельдеуді ғалымдар жазғандай тек сызба, графика, макеттер арқылы жүргізуі мүмкін емес. Сызу, бейнелеу өнеріне қабілетті бала оның тек жобасын бейнелеуге, көбінде ауызекі не жазба тілде берілуіне болады.

Сол себептен де модельдеу шығармашылық жұмыстың бір түрі ретінде тіл дамыту үдерісінің әдісі, өнімді тәсілі болып табылады. Мысалы, 7-сыныптың әдебиет пәнінде М.Өтемісұлының "Тарланым" өлеңі оқуға, талдауға ұсынылады. Азаттық күрестің басшысы Исатай өлгеннен кейін шыққан бұл өлеңде жоқтау әрі мақтау үлгісі басым. Бірінші кезеңде оқушылар толғаудағы Исатайдың сөзбен берілген тұлғасына барлау жасайды. Екінші кезеңде оны өз ойы, қиялына ерік бере отырып, бір нәрсеге ұқсатады. Бұл үдеріс оқушының дүниетанымы, сезімі, ой-өрісіне де байланысты болып келеді. Үшінші кезеңде, оқушылар ұқсатуын сызбаға түсіреді, немесе оны сөзбен жеткізуге талаптанады. Нәтижеде өлең мазмұны туралы толық моделді таным қалыптасады. Сондықтан біз осы моделдеп оқытуды оқушының сөйлеу мәдениетін дамыта оқыту негізінде қарастырдық. Бұл мақсатта біз тұтас мәтінді талдаудың негізін лексикалық ерекшеліктеріне, яғни сөздің қолданылуы бойынша лексикалық норманың қатысын анықтай білуге құрылады.

Мәдениетті сөйлеу әдеби сұхбаттасу барысында тілдік құралдарды іріктеу мен қолдануда дұрыс дағды қалыптастыру керектігін де ескертеді. Басқаша айтқанда, тілдесім барысында сұхбаттастар өздерінің алдына қойған мақсаттарына жету үшін қажетті тілдік құралдарды дұрыс таңдай білуге тиіс. Мұндай мақсатпен қажетті тілдік құралдарды таңдауды тілдің сөйлеу мәдениетінің қатысымдық саласы қарастырады. Сұхбаттасу кезінде әңгімеге кем дегенде екі адам қатысатындықтан айтушының (адресаттың) сөзі, ол негізгі ақпаратты беруші болғандықтан, тыңдаушы (адресантка), негізгі ақпаратты қабылдаушыға, анық, түсінікті, ұғынықты болумен бірге, таза, бай, көркем сөйлемдермен берілуге тиіс. Айтушы өз сөзіне тыңдаушысын қызықтыра білуі тиіс. Мұндай қатысымдық сапаларға сөздің дәлдігі, түсініктілігі, байлығы, тілдің тазалығы, айқындылығы сияқты мәселелер жатады.

Әдіснамадағы әдістеме, технология, ұстаным ұғымдары туралы, оқыту үдерісінің, оқытылатын пәннің тиімді болуы оқытушы пайдаланатын әдіс-тәсілдерге, оқыту ұстанымдары мен технологияларына тәуелді екені белгілі. Сөздікке жүгінсек: «Әдіс – адам баласы қызметінің белгілі салаларында қолданылатын әртүрлі амал, тәсіл, айла». Ал әдістеме – білім беру құралдарының жиынтығы, гректің «metodos» сөзінен шыққан, қазақша зерттеу жолы деген мағынаны білдіреді.

Оқыту ұстанымдары дидактикалық, лингвистикалық, психологиялық және әдістемелік деп аталатын түрлерге бөлінеді. Бұлардың әрқайсысы өз ішінен тағы бірнеше түрге бөлінеді. Айталық, дидактикалық ұстаным өз ішінен танымдық, көрнекілік, оқу материалының түсініктілігі мен беріктігі, пәнаралық байланыс, мәдениетаралық өз ара әсер ету, оқытушының өзінің мамандығына құзыреттілігі деген бірнеше ұстаным түрлеріне жіктеледі.

Әдістемелік ұстанымдар қатарына қатысымдық ұстаным, үйренушінің ана тілін есепке алу ұстанымы, оқытудың ауызша негізге сүйену ұстанымы, сөйлеу әрекеті түрлерінің өзара байланыстылығы ұстанымы, оқу материалын тақырыптық-жағдаяттық жақтан ұйымдастыру ұстанымы, оқытудың кәсіби бағдарлық ұстанымы, тілді меңгеру деңгейін есепке алу ұстанымы жатады. Біз бұл аталған ұстанымдардың әрқайсысының аттарын атаумен ғана шектелдік. Себебі біріншіден, ұстаным мәселесінің өзіндік ерекшелігі, тілді оқытудағы мән-маңызы бізге дейін де қазақ тілін өзге тілді дәрісханада оқыту мәселесімен айналысып жүрген ғалымдар талдаған.

Бұлардың бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Таңдап алынған кез келген ұстаным түрі оқыту үдерісінің алдына қойған мақсатына жетуін қамтамасыз етуге тиіс. Бірақ оқыту ұстанымдары бір-бірімен байланысты болғанына карамастан әрқайсысының өзінше даралық рөлі, өзінше маңыздылығы болуы да мүмкін. Белгілі-бір оқыту блогы үшін немесе сөйлеу әрекетінің бір түрі үшін тек бір ұстанымның ғана жетекшілік рөл атқаруы немесе сол бір ғана ұстанымның мүмкіндігі басым болуы мүмкін. Мысалы, дидактикалық мақсаттағы ұстанымдардан көрнекілік пен танымдық ұстанымдары оқыту үдерісінде пайдалануда басымдыққа ие. Ал психологиялық ұстанымдардан оқытудың уәждемелік ұстанымы алдыңғы орында. Себебі оқушының қызығушылығын, бейімділігін, ынтасы мен



зейінін анықтап алмай тұрып, тілді менгерту тиімсіз болар еді. Ал тікелей әдістемелік ұстанымдардан қатысымдық ұстаным маңызды болып саналады.

Тұжырымдағанда, оқыту ұстанымдары өте нақты болып келеді. Олар адамның қоғамдық қажеттіліктерін көрсетеді. Қоғамның алға жылжуына қарай әдістеде де өзгерістер болып тұрады. Соған сәйкес оқыту ұстанымдары да әр дәуірдегі әдістеменің негізгі бағытына қарай бейімделіп отырады. Ұстанымдар жүйесі шеңбер ішіндегі тұйықталған, не кіруге, не шығуға болмайтын жүйе емес. Қайта, керісінше, ашық жүйе. Сондықтан ұстанымдар жүйесінде бұрыннан қалыптасқан жүйелерге талдау жасауға, жаңа тиімді деп тапқан оқыту ұстанымдарын енгізуге болады. Мысалы, бұрыннан белгілі қатысымдық ұстанымға қазіргі кезде екінші тілдік тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың мәдениеттер сұхбатына белсенді араласуына, оларды жеке тұлға ретінде дамытуға бағытталған әдістеменің жаңа мазмұнына байланысты өзгерістер енуін айтуға болады. Мұндай өзгерісті оқыту үдерісіне енген лингвоелтану, лингвомәдениеттану сияқты жаңа ғылыми бағыттардың дамуы мен оқыту үдерісіне келуіне байланысты мәдениетаралық қатысым ұстанымынан да байқауға болады. Сонымен, оқыту ұстанымдары дегеніміз – оқыту үдерісіне қойылатын талаптарды айқындай отырып, оқыту мақсаты мен міндетіне, оқытудың әдістері мен құралдарына, сабақты ұйымдастыру түрлеріне т.б. оқыту үдерісін құрастырушы бөліктерге әртүрлі талаптар қоя отырып, оқыту үдерісінің алдына қойған мақсатына жетуді көздейтін әдістемелік категория.

Біз оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін тиімді деп сұхбаттарды іріктеу ұстанымын ұсынып отырмыз. Оны тікелей әдістемелік ұстанымдар негізінен шығардық. Олай дейтініміз, ұстанымдар жүйесі ашық жүйе болғандықтан, оған белгілі-бір тақырыпты, не сөйлеу әрекеті түрлерін оқыту үшін тиімді деген ұстанымдарды жалпы әдістеме ғылымындағы жетекші ұстанымдар (лингвистикалық, дидактикалық, психологиялық, тікелей әдістемелік) негізінде енгізуге болады. Сөзімізге: «Система принципов, будучи открытой системой, допускает включение в нее новых принципов и переосмысление уже существующих», – деген А.Н.Щукиннің пікірі дәлел болатын сияқты.

Қазіргі әдістеде оқытылып жатқан тілдесім аясына қатысты тілді оқыту үдерісін шынайы тілдік қатынасқа жақындатуды көздейтін, соның нәтижесінде белгілі-бір тақырып аясында сөйлеу әрекеті түрлерін менгере келіп, сұхбаттық тілдесімге шығуды мақсат ететін қатысымдық әдіс маңызды. Ал адамдар арасындағы өзара сұхбаттасудың көбінесе жағдаяттық негізде жүретіні де белгілі. Сондықтан біз оқыту әдіс-тәсілдерінен оқушылардың сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастыруда тиімді деп қатысымдық-жағдаяттық ұстанымын алдық.

Содан кейін тікелей әдістемелік ұстанымдар жүйесінен оқу материалдарының тақырыптық-жағдаяттық ұстанымын негізге ала отырып және қазақ тілін өзге тілді дәрісханада оқыту саласының маманы Қ.Қадашеваның: «Мынадай ұстанымдар бар: ана тілін есепке алу, коммуникативтік бағыт, сапалылық, сөйлеу жағдаяттық, ауызекі сөйлеу алға шығады, жинақтау, әдістемелік ұстаным, тілдік, лингвистикалық материалдарды іріктеу, сабақта оқу материалдарын өлшеммен беру, бекіту», – деген пікіріне сүйендік.

Әуелі тақырыптық-жағдаяттық ұстаным бойынша сабақтың өтуі мен ұйымдастырылуы арнайы іріктелген тілдесім жағдаяттары мен тақырыптары негізінде жүруі тиіс. Ұсынылатын оқыту материалдары бағдарламадағы оқыту аялары ұсынған тілдесім тақырыбының мазмұнын беретін материалдар негізінде іріктелініп алынуға тиіс. Оқытудың бастапқы деңгейіндегі тілдесім тұрмыстық ая, әлеуметтік-мәдени ая, оқу-кәсіптік ая бойынша белгілі тақырып шеңберінде (өзі және достары туралы, отбасы туралы, жыл мезгілі туралы, Қазақ елі туралы, өзі оқитын мектеп, сыныбы туралы) оқытылуға негізделеді. Оқыту тәжірибесі егер сөйлеу дағдысы мен машығы күнделікті тілдесім үлгілеріне жақын болғанда ғана, алынғын оқыту материалдары да сол халықтың шынайы, табиғи сөйлесу үлгілері негізінде іріктелгенде ғана оқушылардың сөйлеу машығы мен дағдысының жақсы қалыптасатынын көрсетеді. Яғни, тақырыптық-жағдаяттық ұстаным оқушылардың тілдесім дағдысы мен машығын қалыптастыру мақсатын көздейді.

Ұстанымдардан басқа педагогикада соңғы кезде кең қолданысқа ие болып, орныға бастаған термин – оқыту үдерісіндегі «жаңа технологиялар» ұғымы. Оқыту үдерісіне «жаңа технологияларды енгізу» деген ұғымның айтыла бастағанына көп болмаса да, мектепте әр түрлі пәндерді оқыту тәжірибесінде кеңінен пайдаланыла бастады. «Технология» деген сөз басында техникалық ғылымдармен байланысты айтылатын. Мағынасы грек тілінен аударғанда «шеберлік» деген ұғыммен сәйкес келеді.

Технологияның құрамына кез-келген істі бастар алдындағы мақсат, оның мазмұны, мақсаты мен мазмұнын жүзеге асырудағы адамның әрекеті және осы жүйеде тындырылған істің нәтижесі деген



бөліктер енеді. Жалпы қай ғылымға қатысты айтылмасын технология істің нәтижелі болуына тіреледі. Педагогика саласында да оқытудың нәтижесін көрсетеді. Оқыту үдерісіндегі технологияның басқа ғылым салаларындағы технологиямен істің жүзеге асу барысындағы желісі бір болғанмен, құрылымында айырмашылық бар. Оқыту үдерісіндегі технологияның құрылымдық мазмұны оқыту мазмұны, оның құралы, оқытушының оқу үдерісін ұйымдастыруы және мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы деген бөліктерден тұрады. Сондықтан біз оқыту технологияларын оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы сөздік қорын байыту мен сөздерді әдеби тіл нормасында қолдана білу икемділік пен дағдыларын дамыта оқыту үдерісінде пайдалану жүйесі әдістеме ретінде қарастырдық.

Әдебиеттер:

1. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. –Алматы: “Қазақ университеті”, 1991, 160 бет.
2. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы, 1989
3. Жарықбаев Қ. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту жайында. // “Қазақстан мектебі”, 1981, №2.
4. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы орта білім. - Алматы: РОНД, 2002, -360 бет.
5. Мұсабекова Ф. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. - Алматы, 1982.